




"АНТИВИРУСТАР"




Антивирус – (латын тілінен аударғанда “*anti*” – қарсы, “*virus*” – у деген мағынада) аты айтып тұрғандай, компьютерге енген қауіпті нұсқауларды, яғни, вирустардан, қауіп тудырғыш программалардан қорғап, операциялық жүйе мен файлдардың ластануынан және қайсыбір кедергісі көп кодтардан қорғайды. Ол вирустардың таралуы мен көбеюіне тосқауыл болатын бірден – бір бағдарлама.

Антивирустың жұмыс жасау принциптері:

1. Компьютерді толық сканерден өткізу, вирустарды табу.
2. Компьютердегі өзіне сай қызметті атқармайтын немесе вирус жұққан файл - программаларды табу, қауіптілік дәрежесін анықтау.





Табылған вирустарды антивирус программалар базасына тіркейді. Ол вирустық қасиетке ие бола тұра зиян болса, антивирус сигнатурасында тіркелсе ғана, келесі іс - әрекеттер жүзеге асады:

1. Вирустанған файлдарды жою.
2. Вирустанған файлдың басқа файлдармен байланысын үзу.
3. Вирус жұққан бағдарламаға карантин жариялау.
4. Файлдарды тазарту, яғни, жұққан вирустарды жою.

Вирустың пайда болу белгілері:

1. Программа дұрыс жұмыс істемейді немесе жұмысын тоқтатады.
2. Экранда бөгде символдар, хабарламалар шығады.
3. Компьютер баяу жұмыс істейді.
4. Кейбір файлдардың істен шығуы, бұзылуы.
5. Компьютер жұмысы барысында жиі – жиі тоқтап қалады, немесе жаңылысады.

```
A problem has been detected and windows has been shut down to prevent damage
to your computer.

PROCESS_INITIALIZATION_FAILED



If this is the first time you've seen this stop error screen,
restart your computer. If this screen appears again, follow
these steps:

Check to make sure any new hardware or software is properly installed.
If this is a new installation, ask your hardware or software manufacturer
for any windows updates you might need.

If problems continue, disable or remove any newly installed hardware
or software. Disable BIOS memory options such as caching or shadowing.
If you need to use Safe Mode to remove or disable components, restart
your computer, press F8 to select Advanced Startup options, and then
select Safe Mode.

Technical information:
```

```
*** STOP: 0x0000006B (0xC0000022, 0x00000002, 0x00000000, 0x00000000)
```




Антивирустардың бірнеше түрі бар:

Детектор программалар – тек бұрыннан белгілі вирус түрлерінен қорғай алады, ал кейінгі вирус түрлеріне дәрменсіз болып қала берді.

Доктор программалар – бұл вирус жұққан программалар мен дискілерден вирус әсерін алып тастау арқылы емдеп, бастапқы қалпына келтіреді.

Ревизор программалар – бұлар ең алдымен мен дискілердің жүйелік аймағы туралы мәліметтерді есіне сақтап, оны әлсін - әлсін кейінгісімен салыстыра отырады да, сәйкессіздікті анықтаса, дереу программа иесіне хабарлайды.

Доктор – ревизорлар – доктор программалар мен ревизор программалардың арасынан шыққан гибрид. Бұлар файлдағы өзгерістерді анықтап қана қоймай, оларды автоматты түрде емдеп, бастапқы қалпына келтіреді.



Қазіргі кездегі антивирустар:




Avast! Free Antivirus – бұл антивирустың негізгі ерекшеліктері:

- Вирусқа қарсы тексеру өте жылдам, компьютердің ресурстерін көп қажет етпейді.
- Руткиттерге қарсы қорғаныс.
- Шпиондық программалардан қорғаныс.



PC Tools Antivirus – ерекшеліктері:

- Шпиондық программаларды, вирустарды тауып жояды.
- Компьютерді автоматты түрде бақылап отырады.
- Енген вирусты бірден жояды.



AVG Anti Virus Free – ерекшеліктері:

- Үйде қолдануға арналған.
- Вирустық базаны тез жүктейді.
- Пайдалану функциясы өте қарапайым.



Kaspersky Antivirus – ерекшеліктері:

- Вирустардан, трояндық бағдарламалардан, құрттардан қорғайды.
- Шпиондық, жарнамалық программалардан қорғау.
- автоматты режимде немесе талап бойынша файлдарды тексеру.
- Браузердегі интернет трафикті тексеру.
- Java және Visual Basic скрипттерін тексереді.



ESET Nod32 Antivirus – ерекшеліктері:

- Заманауи вирустардан қорғайды.
- Трояндық программаларды жояды.
- Интернет желісі арқылы соңғы жаңартуларды енгізу оңай.
- Кең көлемдегі сканнер.
- Интернеттен келетін залалдарға қарсы қосымша құралдары бар.

Құдайберген Жұбанов атындағы Ақтөбе Өңірлік Мемлекеттік Университеті
Экономика факультеті “Мемлекеттік және жергілікті басқару”
1 – курс

Пән: “Информатика”

Тақырыбы: “Антивирустар”

Дайындаған: Абекенов Мақсат

Тексерген: Шәукенбаева Ақзада Қалқабайқызы

